

Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы N 9000 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 46-баптан қараңыз) Заңымен

ЕСКЕРТУ. Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-І Заңымен енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне к і р е д і .

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 46-баптан қараңыз) Заңымен.

I бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Жалпыға бірдей әскери міндеттілік

1. Қазақстан Республикасын қарулы агрессиядан қорғау мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің біріне жатады, әрі Қазақстанның күллі халқының ісі болып табылады. Қазақстан Республикасын қорғау - ұлтына және әлеуметтік тегіне, тұратын жеріне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, нәсіліне, тіліне, біліміне, діни көзқарасына, жұмысының түрі мен сипатына, саяси және өзге де нанымына, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерге жататындығына қарамастан оның әрбір азаматының қасиетті борышы және міндеті болып табылады.

2. Жалпыға бірдей әскери міндеттілік Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерін, Республикалық ұланын, Азаматтық қорғаныстың, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің басқару органдары мен бөлімдерін және басқа әскери құрамаларын (бұдан былай Қазақстан республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамалары) жасақтауды, сондай-ақ халықты Республиканы қорғауға даярлауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленеді.

Жалпыға бірдей әскери міндеттілік мыналарды қамтиды:

- азаматтарды әскери қызметке даярлау;
- шақыру учаскелеріне тіркеу;
- әскери қызметке шақыру;
- әскери қызметтен өту;
- запастағы қызмет;
- запаста жаттығу жиындарынан өту;

- соғыс кезінде азаматтарды жалпыға бірдей міндетті әскери үйрету .

3. Осы Заңның орындалуы Қазақстан Республикасының азаматтарына, мемлекеттік органдарға, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдарға жүктеледі .

Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында тұратын басқа мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының мүдделері үшін әскери қызмет атқара алады .

4. Жалпыға бірдей әскери міндеттілікке қатынасы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары мынадай категорияларға бөлінеді:

- шақыруға дейінгілер - шақыру учаскесіне тіркелгенге дейін әскери қызметке даярлықтан өтетін 15 жасқа толған жасөспірімдер:

- шақырылушылар - шақыру учаскелеріне тіркелген адамдар;

- әскери қызметшілер - әскери қызметтен өтуші адамдар;

- әскери міндеттілер - запастағы адамдар;

- әскери міндетті еместер - әскери есепке алынбаған немесе одан шығарылған адамдар .

5. Денсаулық жағдайы мен жасы бойынша әскери қызметтен өтуге жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары:

- осы Заңмен белгіленген жасқа жеткенде әскери есепке тұруға;

- әскери-техникалық комиссариаттың шақыруы бойынша шақыру учаскелеріне тіркелу, медициналық куәландырудан өту, әскери мамандық алуға арнап даярлыққа жіберу, әскери қызметке немесе жиынға шақыру үшін келуге;

- әскери қызметке даярлықтан, әскери қызметтен өтуге және запастағы әскери міндетті орындауға ;

- әскери есеп ережелерін орындауға міндетті.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша тиісті әскери мамандықпен тәркіндес мамандығы бар әйелдер әскери есепке тұруға тиіс .

Әйелдер бейбіт кезде әскери қызметке шарт бойынша ерікті түрде кіре алады. Әскери есепте тұрған немесе жалпыға бірдей әскери үйретуден өткен әйелдер соғыс кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен әскери қызметке шақырылуы мүмкін .

ЕСКЕРТУ. 2-5-тармақтар ұзгерді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

2-бап. Әскери қызмет

1. Әскери қызмет - Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде басқа әскерлері мен әскери құрамаларында өздерінің мемлекет пен халық алдындағы қасиетті борышын және міндеттерін орындауымен байланысты мемлекеттік қызметтің айрықша түрі.

Әскери қызметтен өту кезі жалпы үздіксіз жұмыстың стажына сондай-ақ мамандық бойынша жұмыс стажына есептеледі.

Әскери қызметтің түрлері:

- солдаттар мен матростардың, сержанттар мен старшиналардың мерзімді әскери қызметі;

- шарт бойынша өтетін әскери қызметі;

- офицерлер құрамының әскери қызметі.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметтің ерекшеліктері "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне халықаралық шарттарға сәйкес біріккен (коалициялық) қарулы күштер (әскерлер топтары) құрамында әскери қызмет атқаруға рұқсат етіледі.

Егер бұл халықаралық шарттарда көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының азаматтарына басқа мемлекеттердің Қарулы Күштерінде әскери қызмет атқаруға тыйым салынады.

3. Әскери қызметке бірінші рет шақырылған немесе еркімен кірген Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан халқына адалдыққа әскери ант қабылдайды.

Бұрын әскери ант қабылдамаған әскери міндеттілер жиындары немесе жұмылдыру кезінде ант қабылдайды.

Әскери анттың сөзін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.03.20. N 166 Заңымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлері мен әскери құрамаларын әскери қызметшілерімен жасақтау

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамалары әскери қызметшілерімен шақыру бойынша жалпыға бірдей әскери міндеттілік негізінде, сондай-ақ контракт бойынша дербес аумақтық және аумақтық принциптерді ұштастыра отырып жасақталады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа әскерлері мен әскери

құрамаларының адам құрамын жұмылдыру бойынша және соғыс кезінде қосымша жасақтау үшін әскери міндеттілерден әскери үйретілген резерв құрылады.

ЕСКЕРТУ. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

4-бап. Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер құрамы

Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер қатардағы құрамға, сержанттар мен старшиналар құрамына, прапорщиктер мен мичмандар құрамына, офицерлер құрамына бөлінеді.

Офицерлер құрамы кіші, аға және жоғары болып бөлінеді.

5-бап. Әскери атақтар

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде басқа әскерлері мен құрамаларында мынадай әскери атақтар белгіленеді:

Әскери	Кеме
Солдаттар,	матростар
қатардағы жауынгер	матрос,
ефрейтор	аға матрос,
	Сержанттар мен старшиналар
кіші сержант	2-сатылы старшина,
сержант	1-сатылы старшина,
	сержант
аға сержант	бас старшина,
старшина	бас кеме старшинасы,
3-сыныпты сержант	3-сыныпты старшина
2-сыныпты сержант	2-сыныпты старшина
1-сыныпты сержант	1-сыныпты старшина
штаб сержанты	ӘТК-нің штаб
	старшинасы
	шебер-сержант
	Прапорщиктер мен мичмандар
прапорщик	мичман
аға прапорщик	аға мичман
Кіші офицерлер құрамы	
кіші лейтенант	кіші лейтенант
лейтенант	лейтенант

аға лейтенант
капитан

Аға офицерлер құрамы

майор

подполковник

полковник 1-дәрежелі капитан,

аға лейтенант,

3-дәрежелі капитан,

2-дәрежелі капитан,

Жоғары офицерлер құрамы

генерал-майор

генерал-лейтенант

генерал-полковник

контр-адмирал,

вице-адмирал,

адмирал,

армия

генералы

Қазақстан Республикасының маршалы

2. Медициналық немесе заңдық әскери-есеп мамандығы бар офицерлер үшін әскери атақтарына тиісінше "медицина қызметінің, әділет" деген сөздер қосылады.

Авиация жоғары офицерлері құрамының (ұшқыш, инженерлік-авиациялық даярлығы бар инженерлік) әскери атақтарына "авиация" сөзі қосылады.

Ұлан бөлімдерінде, ұлар кемелерінде қызметтен өтуші әскери қызметшілер үшін тиісті әскери атақтың алдына "ұлан" деген сөз қосу жолымен ерекше ұландық әскери атақтар белгіленеді.

Запастағы азаматтардың әскери атағының алдында "запастағы" деген сөз, ал отставкадағыларға - "отставкадағы" деген сөз қосылады.

3. Жоғары офицерлер құрамының әскери атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береді. Басқа лауазымды адамдардың әскери қызметшілердің қалған санаттарына әскери атақтар беру жөніндегі құқығы әскери қызмет өткеру туралы ережелермен белгіленеді.

4. Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғылары мен әскери қызмет өткеру туралы ережелерде белгіленген тәртіппен әскери атақтарынан айырылуы, сондай-ақ олардың әскери атағының төмендетілуі немесе қайта қалпына келтірілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 5-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

6-бап. Әскери лауазымдар

1. Әскери лауазымдар (әскери қызметшілер атқаруға жататын штаттық лауазымдар) және соларға сәйкес әскери атақтар әскери бөлімдердің, кемелердің, басқару органдарының, мекемелердің, әскери-оқу орындарының штаттарында к ө з д е л е д і .

Жоғары офицерлер құрамы атқаруға жататын лауазымдар тізбесін - Қазақстан Республикасының Президенті, ал басқа әскери қызметшілер лауазымдарының тізбесін - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің бастығы, Республикалық ұланының қолбасшысы, Бас прокуроры, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары бекітеді.

Офицерлер құрамының адамдары қызметтерін атқаруға тиіс сот органдары әскери қызметшілері лауазымдарының тізбесі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес белгіленеді.

2. Әскери лауазымдар былай бөлінеді:

- қатардағы құрам лауазымы;
- сержанттар мен старшиналар құрамының лауазымы;
- прапорщиктер мен мичмандар лауазымы;
- офицерлер құрамының лауазымы.

3. Жоғары офицерлер құрамының адамдары атқаруға жататын лауазымдарға (құрамалар, бірлестіктер командирлерін және соларға теңестірілгендерді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа әскерлері мен әскери құрамаларының басшы құрамын) тағайындауды Қазақстан Республикасының Президенті жүргізеді.

Басқа да әскери лауазымдарға тағайындау тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің бастығы, Республикалық ұланының қолбасшысы, Бас прокуроры, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары белгілейді.

4. Әскери қызметшілер әскери қызметте қалдырыла отырып, қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындау үшін өздерінің келісімімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде мемлекеттік органдарға жіберілуі мүмкін.

Әскери қызметшілер:

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және мәслихаттардың босатылған негізде жұмыс істейтін депутаттары болып сайланған әскери қызметшілер әскери қызметтен шығарылады. Олар өздерінің депутаттық өкілеттіктері аяқталған соң әскери қызметке белгіленген тәртіппен қайта

қ а б ы л д а н у ы

м ү м к і н .

Жергілікті өкілді органдардың депутаттары болып сайланған әскери қызметшілер осы органдар жұмысы (сессиясы) кезеңінде өздерінің қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады.

Әскери қызметте қалдырыла отырып қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілген әскери қызметшілерді әскери үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың әскери қызметтен өту тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен реттеледі.

ЕСКЕРТУ. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.05.19. N 2283 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

7-бап. Әскери қызметшілердің әскери киім үлгісі мен айырым белгілері

1. Әскери қызметшілер, сондай-ақ жиындарда әскери міндеттілер әскери атақтар мен әскерлер (қызмет) түріне сәйкес айырым белгілері бар әскери киім үлгісін киеді.

Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құрамалардың әскери киім үлгісі мен айырым белгілерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді, олармен жабдықтау нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Әскери киім үлгісін киіп жүру ережесін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, ал оның жекелеген түрлерін киіп жүру және айырым белгілерін тағу ерекшеліктерін басқа әскерлері мен әскери құрамаларына бірінші басшылары белгілейді.

2. Басқа барлық мемлекеттік органдарға және меншік нысанына қарамастан ұйымдарға әскери қызметшілердің киім үлгісі мен айырым белгілері сияқты киім үлгілері мен айырым белгілерін енгізуге тыйым салынады.

3. Әскери киім киюге құқығы жоқ азаматтардың оны киюіне тыйым салынады және заңмен қудаланады.

ЕСКЕРТУ. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 7-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

II бөлім. АЗАМАТТАРДЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛАУ

8-бап. Шақыруға дейінгілер мен шақырылушыларды әскери қызметке даярлау

1. Шақыруға дейінгілер мен шақырылушыларды әскери қызметке даярлау м ы н а л а р д ы қ а м т и д ы :

- бастапқы әскери даярлық;
- шақырылушыларды әскери-техникалық мамандықтар бойынша д а я р л а у ;
- жоғары оқу орындарының студенттерін запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау;
- дене даярлығы ;
- жалпы білім даярлығы деңгейін арттыру;
- патриоттық тәрбие .

2. Шақыруға дейінгілер мен шақырылушыларды әскери қызметке даярлауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығымен өздерінің құзыреті шегінде мемлекеттік органдар ұйымдастырады және меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдарда жүзеге асырылады.

Республикада шақыруға дейінгілерді және шақырылушыларды әскери қызметке даярлауды ұйымдастыруды, жүргізуді және олардың нәтижелерін бақылауды бастапқы әскери даярлықты бағдарламалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады .

Мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде және бастапқы әскери даярлықты жүргізу үшін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді, оқу-материалдық базасын жасауды, жетекшілерді, оқытушыларды, тәрбиешілерді, нұсқаушыларды, өндірістік оқыту шеберлерін және басқа да мамандарды іріктеу мен даярлауды жүзеге асырады әрі шақыруға дейінгілерді әскери қызметке даярлау жөнінде осы Заңмен өздеріне жүктелген шаралар кешенін орындау үшін жауапты болады.

Меншік түріне қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және оқу орындарының басшылары шақыруға дейінгі мен шақырылушылардың әскери қызметке даярлықтан өту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 8-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 8-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

8-1-бап. Бастапқы әскери даярлық

Әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы жігіттермен және қыздармен бастапқы әскери дайындықты жалпы білім беретін мектептерде, бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін білім беру ұйымдарында штаттағы оқытушылар жүргізеді.

Оқу орындарында бастапқы әскери даярлықтан өтпеген жасөспірімдер оны мерзімді әскери қызметке шақырылу алдында жергілікті атқару органдарының шешімі бойынша құрылатын оқу пункттерінде өтеді.

Шақыруға дейінгілер мен шақырылу жасындағы жасөспірімдермен бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі жастарды бастапқы әскери даярлау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Ережемен белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. Заң жаңа мазмұнындағы 8-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

9-бап. Шақырылушыларды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау

1. Шақырылушыларды әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында даярлық жағдайы мен сипатына қарай өндірістен қол үзе отырып, сондай-ақ қол үзбей жүргізіледі.

Шақырылушыларды даярлау Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісілген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша шарттық негізде әскери-қолданбалы бағыттағы қоғамдық бірлестіктерде жүзеге асырылуы мүмкін.

Менгерген әскери-техникалық мамандығы бойынша әскери қызметке денсаулығы жарамды және оқуын бітірген соң мерзімді әскери қызметке кезекті шақырылуға жататын шақырылушылар даярлыққа тартылады.

2. Өндірістен қол үзе отырып әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлықтан өтіп жатқан шақырылушыларға оқу кезеңінде жұмыс орны, атқаратын қызметі сақталады және негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы төленеді.

Өндірістен қол үзбей оқытуға тартылған шақырылушыларға, даярлық кезеңіне кешкі мектептерде оқитын адамдар үшін заңда көзделген ережелерге сәйкес жұмыс күнінің қысқартылған ұзақтығы белгіленеді. Емтихандарға даярлық пен оны тапсыру кезеңіне оларға негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысы төлене отырып ұзақтығы 10-15 жұмыс күнін құрайтын (мамандығына және оқу бағдарламаларының көлеміне қарай) демалыс беріледі.

Жеке меншікке негізделген ұйымдардың осы шақырылушыларға орташа жалақы төлеу жөніндегі шығыстары аталған мамандар өздеріне арнап даярланатын мемлекеттік органдардың қаражаты есебіне өтеледі.

3. Әскери-техникалық мамандықтар бойынша оқытуға тартылған шақырылушылардың сабаққа қатысуы міндетті болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 9-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 9-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 9-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

10-бап. Жоғары оқу орындары студенттерінің әскери даярлығы

1. Жоғары оқу орындары студенттерінің әскери даярлығын әскери кафедраларда өткізеді. Әскери даярлыққа 27 жасқа дейінгі, денсаулығы жөнінен әскери қызметке жарамды студенттер, ал Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейтін бірқатар әскери мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарының студент қыздары да тартылады.

2. Студенттер әскери даярлықтан өткізілетін жоғары оқу орындарының тізбесін, сондай-ақ Әскери кафедра туралы ережені Қазақстан Республикасының **Үкіметі** бекітеді.

Әскери даярлық оқу түрлерінің бірі болып табылады және дербес оқу пәні ретінде жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына кіргізіледі.

3. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсынан өтіп, белгіленген емтихандарды тапсырған студенттерге запастағы офицердің тиісті алғашқы әскери атағы беріледі.

Мерзімді әскери қызметтен не әскери кафедрада даярлықтан өтпеген студенттер жоғары оқу орнын бітірген соң мерзімді әскери қызметке шақырылады. Олар профилі жөнінен әскери мамандығына жуық алынған біліміне сәйкес өздеріне офицерлік атақ берілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекіткен тәртіппен және мамандықтар бойынша офицерлер ретінде әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 10-баптың 2-абзацы толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

11-бап. Дене даярлығы. Емдеу-сауықтыру жұмысы.

Патриоттық тәрбие

1. Шақыруға дейінгілер мен шақырылушылардың дене даярлығын жергілікті өкілді және атқарушы органдар, меншік нысанына қарамастан білім беру, дене мәдениеті және спорт органдары, спорт органдары, спорт ұйымдары мен басқа да ұйымдастырып, жүргізеді.

2. Жасөспірімдермен емдеу-сауықтыру жұмысын олардың тұрғылықты жері, оқу немесе жұмыс орны бойынша емдеу-профилактика және емдеу-сауықтыру

мекемелерінде жас жеткіншектер емханаларын, бөлімшелерін және кабинеттерін құра отырып, денсаулық сақтау органдары мен мекемелері ұйымдастырады.

15 жастан бастап жасөспірімдерді медициналық куәландыруды дәрігер-мамандар жыл сайын жүргізіп отырады. Қажет болған жағдайда сауықтыру шаралары жүргізіле отырып, жасөспірімдерге қажетті ем т а ғ а й ы н д а л а д ы .

3. Шақыруға дейінгі және шақырылу жасындағы жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беруді тұрғылықты жері, оқу немесе жұмыс орны бойынша барлық мемлекеттік ұйымдар мен меншік нысанына қарамастан басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

III БӨЛІМ. АЗАМАТТАРДЫ ШАҚЫРУ УЧАСКЕЛЕРІНЕ ТІРКЕУ. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ (ТҮСУ)

12-бап. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу

1. Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді жасөспірімдерді әскери есепке алу, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесін айқындау, жалпы білім деңгейін, алған мамандығы мен дене даярлығын анықтау мақсатында жүргізеді тұрғылықты жері бойынша аудандық (қалалық) әскери комиссариат.

Азаматтарды тіркеуді жүргізу үшін аудандарда (қалаларда) шақыру учаскелері құрылады.

2. Әр жылы қаңтар - наурыз ішінде тіркелетін жылы 17 жасқа толатын азаматтар шақыру учаскелеріне тіркеледі.

17 жасқа толатын жылдың 1 сәуіріне дейін дәлелді себептермен әскери есепке тұрмаған шақыруға дейінгілер әскери есепке қоядан жалтарған деп есептеліп, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Жергілікті өкілді және атқарушы органдары, меншік түріне қарамастан ұйымдар әскери міндеттілердің, шақырылушылардың сондай-ақ шақыруға дейінгі жастардың бастапқы есебін алуды жүргізеді және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген мерзімде жыл сайын тиісті аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға шақыру учаскелеріне тіркеуге жататын жасөспірімдер тізімін табыс етеді.

Осы органдардың және ұйымдардың лауазымды адамдары бастапқы әскери есепке алу ережелерін бұзғаны және аудандық (қалалық) әскери комиссариаттардың шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын жасөспірімдердің тізімдерін уақтылы табыс етпегені үшін Қазақстан Республикасының заң

актілеріне сәйкес жауап береді.

4. Азаматтар шақыруға дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа олардың тұрақты жұмыс (оқу) орны бойынша орташа табысы (стипендиясы) сақтала отырып, жұмыстан (оқудан) б о с а т ы л а д ы .

5. Азаматтарды аудандардағы (қалалардағы) шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізу үшін жергілікті атқарушы орган әкімінің шешімімен мына құрамда тиісті к о м и с с и я л а р құ р ы л а д ы :

- комиссия төрағасы - аудандық (қалалық) жергілікті атқарушы орган әкімінің о р ы н б а с а р ы ;

- комиссия төрағасының орынбасары - аудандық (қалалық) әскери комиссар.

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

- азаматтарды медициналық куәландыруға қатысушы дәрігерлер;

- әскери комиссариаттың өкілі.

- к о м и с с и я х а т ш ы с ы .

Тіркеу жөніндегі аудандық (қалалық) комиссияның жеке құрамын, бұл жұмысты өткізу және қамтамасыз ету тәртібін жыл сайын жергілікті атқарушы о р г а н ә к і м і б е к і т е д і .

6. Шақыру учаскелеріне тіркеу кезінде азаматтар әскери есепке алынады және шақырушылар санатына өтеді.

7. I және II топтағы мүгедектер болып табылатын азаматтарға шақыру учаскелеріне тіркеуден өткен кезде белгіленген тәртіппен комиссия шешімінің негізінде "әскери міндетті емес" деген белгі соғылған куәлік беріледі.

ЕСКЕРТУ. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 12-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

13-бап. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру

1. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде жылына екі рет, сәуір-маусымда және қазан-желтоқсан айларында өткізіледі. Шақыру мерзімін кейінге қалдыру немесе одан босатылуға құқығы жоқ 18-ден 27 жасқа дейінгі азаматтар шақыруға жатады.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ауданның (қаланың) және облыстың жергілікті өкілді органдарымен бірлесе отырып, тиісті әскери комиссариат арқылы жергілікті атқарушы орган әкімі ұйымдастырып, қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Азаматтарды мерзімді шақыруды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жастарды әскери қызметке

даярлау және шақыруды өткізу туралы Ережемен белгіленеді.

3. Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың басшылары шақырылушыларды іссапардан (демалыстан) шақырып алуға, оларды хабардар етуді ұйымдастыруға және шақыру учаскесіне уақтылы келуін қамтамасыз етуге міндетті.

4. Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын шақырушылар әскери комиссариаттың шақыруы бойынша шақыру және медициналық комиссияларынан өту әрі әскерге жөнелтілу үшін шақыру учаскесіне келуге м і н д е т т і .

Азаматтардың әскери комиссариаттар белгілеген мерзімде шақыру учаскелеріне келмеуіне:

- еңбек қабілетін жоғалтуымен байланысты науқастануы (жарақат алуы);
- жақын туысының қайтыс болуы немесе ауыр науқастануы;
- апат сипатындағы кедергілер немесе азаматтың өзінің келу мүмкіндігін болғызбаған басқа да жағдайлар дәлелді себептер деп танылады.

Келмеудің себептері тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

5. Қазақстан Республикасының уақытша шет елде тұратын азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру, олардың кейінге қалдыру құқы болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұрғылықты жеріне қайтып келген соң осы Заң белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 13-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен .

ЕСКЕРТУ. 13-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

14-бап. Шақыру комиссиялары

1. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен өткізу үшін аудандық (қалалық) жергілікті атқарушы орган әкімінің шешімімен аудандарда (қалаларда) мына құрамда шақыру комиссиялары құрылады:

- комиссия төрағасы - аудандық (қалалық) жергілікті атқарушы орган әкімінің о р ы н б а с а р ы ;

- комиссия төрағасының орынбасары - аудандық (қалалық) әскери комиссар;

К о м и с с и я м ү ш е л е р і ;

- аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімінің өкілі;

- медицина қызметкерлерінің жұмысына басшылық ететін дәрігер-медициналық комиссияның төрағасы;

- к о м и с с и я х а т ш ы с ы .

Комиссия құрамына, сонымен қатар мемлекеттік ұйымдардың, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізілуі мүмкін.

Аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының адам құрамын және мерзімді

әскери қызметтен өту үшін азаматтарды шақыру кестесін жергілікті атқарушы
о р г а н ә к і м і б е к і т е д і .

2. Аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының қызметіне басшылық ету және бақылау жасау үшін облыстарда және Астана және Алматы қалаларында", "(Астана және Алматы қалаларында - қалалық) шақыру комиссиялары құрылады:

- комиссия төрағасы - облыстық (Алматы қаласында - қалалық) жергілікті атқарушы
о р г а н ә к і м і н і ң о р ы н б а с а р ы ;

- комиссия төрағасының орынбасары - облыстық (Алматы қаласында - қалалық)
ә с к е р и к о м и с с и а р .

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

- облыстық (Алматы қаласында - қалалық) ішкі істер басқарма бастығының
о р ы н б а с а р ы ;

- облыстық (Алматы қаласында - қалалық) денсаулық сақтау басқармасы (департаменті)
б а с т ы ғ ы н ы ң о р ы н б а с а р ы ;

- әскери комиссариаттың дәрігері (медицина қызметінің офицері) -
м е д и ц и н а л ы қ к о м и с с и я н ы ң т ө р а ғ а с ы ;

- к о м и с с и я х а т ш ы с ы .

Комиссия құрамына сонымен қатар мемлекеттік ұйымдардың, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 14-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

15-бап. Шақыруды кейінге қалдыру

1. Мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының шешімі бойынша:

- отбасы жағдайына қарай;

- оқу орындарында білім алуын жалғастыру үшін;

- денсаулық жағдайына байланысты;

- басқа да себептер бойынша беріледі.

2. Отбасы жағдайына қарай мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру :

а) басқа адамның көмегіне мұқтаж және мемлекеттің толық асырауында емес отбасы мүшелеріне қарайласатын шақырылушыларға заң бойынша олармен бірге немесе бөлек тұратынына қарамастан, аталған отбасы мүшелерін асырауға міндетті. Қазақстан Республикасы аумағында тұратын жақын туыстары немесе басқа адамдары болмаған жағдайда беріледі.

Басқа адамның көмегі мен күтіміне мұқтаж отбасы мүшелері мыналар:

- зейнеткерлік жасына жеткен немесе бірінші не екінші топтағы мүгедектер болып табылатын әкесі, анасы, әйелі, сондай-ақ шақырылушының ата-анасы болмаған ретте, егер олар өзінің асырауында болса атасы мен әжесі;

- 18 жасқа толмаған іні-қарындастары немесе бұл жастан асқан аға-апалары, егер олар бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болса;

- шақырылушыдан басқа бір не одан көп 18 жасқа толмаған немесе бұл жастан асқан, бірақ бірінші не екінші топтағы мүгедек болып табылатын балалары бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) тәрбиелеп отырған анасы (әкесі);

- асырауында жасына қарай еңбекке жарамсыз немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын бір не одан көп жалғыз басты жақын туыстары (әкесі, анасы, аға-апалары, іні-қарындастары) бар және оларды күйеусіз (әйелсіз) күтіп отырған анасы (әкесі);

- күтімінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып табылатын әйелі (күйеуі) бар және шақырылушыдан басқа 18 жасқа толмаған бір не одан көп балалар тәрбиелеп отырған ата-ананың бірі;

б / ө з і н і ң а с ы р а у ы н д а :

- а н а с ы з т ә р б и е л е г е н б а л а с ы ;

- б і р н е о д а н к ө п б а л а л а р ы ;

- ата-анасының қайтыс болуына, сондай-ақ оларды ата-аналық құқығынан айыруға немесе соттың оларды бас бостандығынан айырып соттауына байланысты шақырылушы кемінде бес жыл бойы тәрбиесінде және күтімінде болған адамдары бар шақырылушыларға беріледі.

3. Оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру :

а) білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиясы бар, жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарында күндізгі оқыту нысаны бойынша оқитын әскерге шақырылушыларға, оларды бітіргенге дейін;

б) меншік нысаны мен бағыныстылығына қарамастан білім беру ісін жүргізуге білім беру саласындағы орталық атқарушы органның лицензиясын алған жоғары оқу орындарының күндізгі (өндірістен қол үзіп оқитын) бөлімдерінде, сондай-ақ басқа мемлекеттердің жоғары оқу орындарында оқып жүрген, жоғары оқы орнында оқып жатқандығын растайтын құжаттарды табыс еткен ретте 27 жасқа дейінгі шақырылушыларға беріледі.

Жоғары оқу орындарынан үлгірмегендігі, тәртіпсіздігі үшін немесе өзінің тілегі бойынша шығарылған шақырылушылардың жоғары оқу орнына қайта түскен (қалпына келтірілген) ретте, оқуын жалғастыру үшін шақыруды кейінге қалдыру құқығы болмайды.

4. Денсаулық жағдайына қарай мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге

қалдыру медициналық куәландыру кезінде, әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған шақырылушыларға бір жылға дейінгі мерзімге беріледі.

5. Басқа себептерге байланысты мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру :

а) ауылдық (селолық) жерлерде орналасқан жалпы білім беретін мектептердің , кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының кәсіптік орта немесе кәсіптік жоғары педагогтік білімі бар және мамандығы бойынша жұмыс істеп жүрген мұғалімдеріне (оқытушыларына), барлық жұмыс істеген кезеңіне;

б) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттарына депутаттық өкілеттігі мерзіміне;

в) ол жөнінде анықтау алдын-ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе қылмыстық ісі сотта қаралып жатқан адамдарға, тергеу аяқталғанға немесе сот шешімі жарияланғанға дейін ;

г) күндізгі жоғары және орта діни оқу орындарында оқып жүрген, сондай-ақ тіркелген діни конфессиялардың бірінде діни атағы немесе штаттық қызметі бар шақырушыларға оқу немесе діни қызметі мерзіміне;

д) басқа санаттағы шақырушыларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, ал жекелеген шақырылушыларға дербес түрде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімі бойынша беріледі.

6. Шақырылушылардың шақыруды кейінге қалдырудан бас тартуға құқығы бар және егер олар жеке өтініші мен мүдделі адамдармен халықты әлеуметтік қорғау орындарына нотариалды куәландырған тиісті құжаттарды ұсынса, мерзімді әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 15-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 15-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134 - 1 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 15-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 15-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

16-бап. Мерзімді әскери қызметке шақырудан босату

1. Бейбіт кезеңде мерзімді әскери қызметке шақырудан:

а) денсаулық жағдайына қарай әскери қызметке жарамсыз деп танылған;

б) 27 жасқа жеткен кезде мерзімді әскери қызметке заңды негіздерде шақырылмаған ;

в) әскери қызметін өткеріп жүрген кезінде қызметтік міндеттерін орындау үстінде жақын туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інісі немесе апа-қарындасы) қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші және екінші топтағы мүгедек болып

қалған азаматтар босатылады.

Шақырудан босатылуға құқығы бар шақырылушылар өз тілектеріне орай мүдделі адамдардан нотариалды куәландырылған тиісті құжаттар мен жеке өтінішін ұсынған ретте мерзімді әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

2. Ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін өтелмеген және заңмен белгіленген тәртіпте алып тасталмаған соттылығы бар, сондай-ақ екі және одан да көп соттылығы бар шақырылушылар бейбіт кезде мерзімді әскери қызметке шақыруға жатпайды.

3. Кейінге қалдыруды пайдалану негіздерін түгескен шақырылушылар, сондай-ақ осы Заңның 15 және 16-баптарында көзделген кейінге қалдыру құқығы немесе шақырудан босату үшін негіздері жоқ және мерзімді әскери қызметке белгіленген мерзімде шақырылмаған адамдар кезекті шақыру жүргізілген кезде шақырылады.

ЕСКЕРТУ. 16-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 16-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

17-бап. Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру

Әскери қызметке жарамды 29 жасқа дейінгі запастағы офицерлер бейбіт кезеңде Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының негізінде офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін белгіленген тәртіппен шақырылады.

Жекелеген жағдайларда жоғары даярлығы және мол жұмыс тәжірибесі бар запастағы офицерлер Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құрамаларына 29 жастан асса да шақырылуы мүмкін.

Әскери-есеп мамандықтары бойынша әскери қызметке шақырылуға жататын запастағы офицерлердің санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

18 - б а п . < * >

ЕСКЕРТУ. 18-бапқа өзгерістер енгізілді және 2-бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 18-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.03.20. N 166 Заңымен.

IV Бөлім. Әскери қызметтен өту

19-бап. Әскери қызмет мерзімі

Әскери қызмет мерзімі күнтізбелік есеппен былай белгіленеді:

а/ мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін:

- жоғары білімі барларға - 1 жыл;

- жоғары білімі жоқтарға - 2 жыл;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі теңіз бөлімдерінің корабльдері мен кемелерінің матростары мен старшиналарына

- 2 жыл 6 ай ;

- Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскери-техникалық мектептерінің түлектеріне - 1 жыл 6 ай.

б/ шақыру бойынша әскери қызмет атқарып жүрген офицерлер үшін - 3 жыл;

в) < * >

Контракт әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейінгі мерзімге жасалуы немесе ұзартылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 19-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 19-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.03.20. N 166 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 19-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

20-бап. Әскери қызметте болу жасының шегі

1. Әскери қызметте болу жасының шегі былай белгіленеді:

а/ мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін - 29 жас;

б/ қатардағы жауынгер, сержант және старшина құрамының лауазымында шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшілер үшін - 45 жас;

в/ прапорщиктер, мичмандар мен кіші офицерлер үшін - 45 жас;

г/ майор және подполковник әскери атағы бар аға офицерлер үшін - 45 жас, полковник - 50 жас ;

д/ генерал-лейтенантты қоса алғандағы әскери атағы бар жоғары офицерлер үшін - 55 жас, генерал-полковник - 60 жас.

2. Ғылым кандидаты /доцент/ офицерлерге, сондай-ақ жоғары кәсіби даярлығы, атқарып отырған қызметінде практикалық жұмыс тәжірибесі бар және денсаулығы жөнінен әскери қызметтен өтуге жарамды басқа әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі және басқа әскерлер мен әскери құрамалардың бірінші басшылары қызмет мерзімін 5 жылға дейін, ал ғылым докторларына /профессорларға/ - 10 жылға дейін ұзартылады.

3. Әскери қызметте болу жасының шегіне жеткен әскери қызметшілер әскери қызмет өткеру туралы Ережелермен белгіленген тәртіппен запасқа шығаруға жатады .

ЕСКЕРТУ. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

2 1 - б а п . < * >

ЕСКЕРТУ. 21-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 21-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.03.20. N 166 Заңымен.

22-бап. Әскери қызметтен босату

1. Әскери қызметтен босату былай жүргізіледі:
 - мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді - белгіленген мерзімді атқарып біткен соң;
 - жапастан әскери қызметке 3 жыл мерзімге шақырылған офицерлерді - белгіленген мерзімді атқарып біткен соң.
2. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мына реттерде қызметтен мерзімінен бұрын босатылады:
 - денсаулық жағдайына қарай - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы / қ а у л ы с ы / негізінде;
 - отбасы жағдайына қарай - отбасы жағдайының өзгеруі салдарынан әскери комиссариаттардың отбасы жағдайын тексеру негізінде шақыруды кейінге қалдыру құқығы пайда болған ретте;
 - бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты.
 - отбасы құрамында шет елге тұрақты тұру үшін кетуіне байланысты немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұрақты тұратын отбасымен қайта қосылу үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес кетуіне құқық беретін растайтын құжаттары болғанда;
 - рақымшылық актісі негізінде.
3. Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтің әскери қызметшілері төтенше жағдай енгізілген ретте Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша әскери қызметте екі айға дейінгі мерзімге к і д і р т і л у і м ү м к і н .

4 . < * >

5. Осы бапта аталған әскери қызметшілерді әскери қызметтен босатуды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген құқықтарына сәйкес лауазымды адамдар жүргізеді.

ЕСКЕРТУ. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 22-баптың 4-тармағының а)-тармақшасы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.06.19. N 134-I Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 22-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.03.20. N 166

З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 22-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287

Заңымен.

V Бөлім. Запастағы қызмет

23-бап. Запасқа шығару. Запас категориясы

1. Әскери қызметтен босатылған /отставкаға шығуына немесе қылмыс жасағаны үшін соттың соттауына байланысты босатылғандардан басқалары/, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған /денсаулық жағдайына қарай әскери есептен шығарылғандардан басқалары/, сондай-ақ бейбіт кезде мерзімді әскери қызметке шақыруға жатпайтын /16-бап/ азаматтар запасқа шығарылады.

2. Запастағы қызметке жиындарды өткеру және әскери қызметке шақыру тәртібі мен ережелерін орындау жатады.

ЕСКЕРТУ. 23-бапқа өзгеріс енгізілді және 2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

24-бап. Запаста болу жасының шегі. Запас топтары

1. Әскери міндеттілердің жасына қарай запаста болуы үш топқа бөлінеді. Топтар запаста болу негізінде белгіленеді.

2. Қатардағы жауынгерлер, сержант және старшина құрамындағылар, прапорщиктер мен мичмандар мынадай жас шегіне дейін запаста болады:

- бірінші топ - 35 жасқа дейін;
- екінші топ - 45 жасқа дейін;
- үшінші топ - 50 жасқа дейін;

3. Офицерлер мынадай жас шегіне дейін запаста болады:

а/ бірінші топтағы запаста:

- кіші офицерлер - 45 жасқа дейін;
- аға офицерлер - 50 жасқа дейін;
- жоғары офицерлер - 55 жасқа дейін.

б/ екінші топтағы запаста:

- кіші офицерлер - 50 жасқа дейін;
- аға офицерлер - 55 жасқа дейін;
- жоғары офицерлер - 60 жасқа дейін.

в/ үшінші топтағы запаста:

- кіші офицерлер - 55 жасқа дейін;
- аға офицерлер - 60 жасқа дейін;
- жоғары офицерлер - 65 жасқа дейін.

4. Әскери қызметші-әйелдер оларға берілген әскери атақтарға қарамастан

үшінші топтағы запасқа есептеледі. Олардың запаста болу жасының шегі былай белгіленеді: офицерлер құрамындағылар үшін - 50 жас, қатардағы жауынгер, сержант және старшина құрамындағылар, прапорщиктер мен мичмандар үшін - 45 жас.

25-бап. Жиындардан өту

1. Әскери міндеттілер запаста болған кезде жаттығу, тексеру және арнаулы жиындарға шақырылады.

2. Әскери комиссариаттар офицерлер құрамының әскери атақтары жоқ әскери міндеттілерді:

- бірінші топты - әр жолы екі айға дейінгі мерзімге бес ретке дейін;
- екінші топты - әр жолы екі айға дейінгі мерзімге үш ретке дейін;
- үшінші топты - бір айға дейінгі мерзімге бір рет әскери жиындарға шақырады.

Запастағы офицерлер құрамының адамдары запаста болған кезде жаттығу жиындарына:

- бірінші топ - жыл сайын екі айға дейінгі мерзімге әскери-есеп мамандықтарының жетіспеушілігі ескеріле отырып;
- екінші топ - әр жолы екі айға дейінгі мерзімге екі рет;
- үшінші топ - бір ай мерзімге бір рет шақырылуы мүмкін.

3. Әскери міндеттілердің жаттығу жиындарын өткізу мерзімі мен уақытын осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілейді.

4. Әскери міндеттер жаттығу жиындары аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жоспары бойынша 10 күнге дейінгі мерзімге өндірістен қол үздіре тексеру жиындары мен командирлік даярлыққа тартылуы мүмкін.

5. Запаста болған уақыт ішінде жиындардың жалпы мерзімі қатардағы жауынгер, сержант және старшина құрамындағылар, прапорщиктер мен мичмандар үшін 18 айдан, офицерлер үшін 24 айдан аспауы керек. Бұл орайда жаттығу жиындарында болудың жалпы мерзіміне тексеру жиындарында болған кезде есептеледі.

6. Әскери міндеттілер төтенше жағдай енгізілген ретте Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша міндеттерді шешу 4 айға дейінгі мерзімге арнаулы жиындарға шақырылуы мүмкін.

7. Әскери міндеттілердің жиындарда болған кезеңіне ұйымдардағы жұмыс орны, атқаратын қызметі және орташа жалақысы сақталады. Жеке меншікке негізделген ұйымдардың осы әскери міндеттілерге орташа жалақы төлеу жөніндегі шығыстары осы аталған мамандар өздеріне арнап даярланатын мемлекеттік органдардың қаражаты есебінен өтеледі. Дәлелді себептерсіз бөлімнен (жиын орнынан) тыс жерде болған уақыт жиында болған мерзімге

есептелмейді және ақы төленуге жатпайды.

ЕСКЕРТУ. 25-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.
ЕСКЕРТУ. 25-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

26-бап. Жиындардан өтуден босату

Жаттығу жиындарынан өтуден мыналар босатылады:

- а) шаруашылық жүргізуші субъект үшін бронь алған әскери міндеттілер;
- б) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері мен Республикалық ұланы, Президенттің Күзет қызметі органдарында, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты лауазымдарда жұмыс істеп жүрген адамдар.
- в) азаматтық авиация жүйесі тасымалды тікелей қамтамасыз ететін және ұшақтар мен аэродром техникасы, сондай-ақ жаттығу авиация клубтарына қызмет көрсетумен әрі жөндеумен айналысатын ұшқыш және техник құрамы, жұмысшылары мен қызметшілері;
- г) жүзу маусымы кезінде теңіз және өзен флоты мен балық өнеркәсібі флоты кемелерінің жүзуші құрамы;
- д) ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін, сондай-ақ ауыл шаруашылық техникасын жөндеу жөніндегі кәсіпорындарда айналысатын адамдар - егін егу және жинау кезеңдерінде; мал шаруашылығында жұмыс істейтін шопандар мен олардың көмекшілері;
- е) білім беру ұйымдарының педагогтары - оқу жылы кезеңінде;
- ж) күндізгі оқыту нысаны бойынша оқытатын барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар;
- з) аспиранттар мен докторанттар - аспирантура мен докторантурадағы оқу кезеңінде;
- и) әскери міндетті - әйелдер;
- к) әскери міндеттілер запасқа шыққаннан кейін екі жыл бойы;
- л) 18 жасқа дейінгі үш және одан да көп баласы бар әскери міндеттілер;
- м) өздері жөнінде анықтау, алдын ала тергеу жүріп немесе қылмыстық ісі сотта қаралып жатқан адамдар;
- н) әскери міндеттілер депутаттық қызметіне байланысты.

Жекелеген реттерде, дәлелді себептер болып, әскери міндеттілер негізді құжаттар табыс еткен жағдайда, олар әскери есепте тұрған аудандық (қалалық) әскери комиссар жаттығу жиындарынан өтуден босату туралы шешім

қ а б ы л д а й д ы .

Осы баптың "а", "л" тармақтарында көрсетілген әскери міндеттілер арнаулы жиындардан өтуден босатылмайды.

ЕСКЕРТУ. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.07.16. N 244 Заңымен .

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

VI бөлім. ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕР МЕН ШАҚЫРЫЛУШЫЛАРДЫҢ ӘСКЕРИ ЕСЕБІ

27-бап. Әскери есептің жалпы ережелері

Барлық әскери міндеттілер мен шақырылушылар әскери есепке тұруға ж а т а д ы .

Әскери міндеттілер мен шақырылушылардың әскери есебі мемлекеттегі әскери қызметке жарамды шақыру ресурстарын есепке алу мен талдаудың жалпы мемлекеттік жүйесі болып табылады. Әскери есеп жүйесінің жұмысын Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі, жергілікті өкілді және атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

Әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алуды жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу туралы ережеде белгіленген тәртіппен олардың тұрғылықты жері бойынша жүргізеді. Әскери есепке алуды қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар осы органдар мен ұйымдардың қаражаты есебінен өтеледі.

ЕСКЕРТУ. 27-бапқа өзгерістер енгізілді және 3-бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

28-бап. Мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың лауазымды адамдар мен әскери міндеттілердің әскери есеп ережелерін орындау жөніндегі міндеттері

1. Әскери комиссариаттары жоқ жерлердің жергілікті өкілді және атқарушы органдар, меншік түріне қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың басшылары әскери комиссариаттардың талап етуімен әскери

міндеттілер мен шақырылушыларға олардың әскери комиссариаттарға шақырылғандығын хабарлауға және осы шақыру бойынша дер кезінде жетуін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар, ішкі істер органдары өз құзырыш е г і н д е :

- әскери міндеттілер мен шақырылушыларды тұрғылықты жері бойынша тіркеуді олардың әскери есеп құжаттарында әскери комиссариаттардың әскери есепке алу немесе одан шығару туралы белгілері болған жағдайда ғана жүзеге а с ы р у ғ а ;

- әскери комиссариаттарға шақыруға дейінгілерді әскери есепке алуға, азаматтарды әскери қызметке (жиындарға) шақыруға; олардың әскери есеп ережелерін орындауын бақылауды әрі шақырылушылар мен әскери міндеттілер арасында осы ережелерді бұзған адамдарды табуға көмектесуге;

- жалпыға бірдей әскери міндетті орындаудан жалтарған адамдарды іздеуге, ұстауға міндетті. Ұсталғандарды іздеу мен жеткізу жөніндегі шығындар сол ұсталған адамдардың есебінен төленеді.

3. Азаматтық хал актілерін жазу органдары әскери міндеттілер мен шақырылушылардың фамилиясы, аты-жөні өзгергені, азаматтық хал актілері жазуына олардың туған күні мен туған жері туралы өзгерістер енгізілгені, сондай-ақ әскери міндеттінің немесе шақырылушының қайтыс болғанын тіркеу жағдайлары туралы аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға жеті күн мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

4. Анықтау және алдын ала тергеу органдары немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан шақырылушылар туралы, ал соттар - қылмыстық ісі сотта қаралып жатқан шақырылушылар туралы, сондай-ақ әскери міндеттілер мен шақырылушылар жөнінде заңды күшіне енген үкімдер туралы аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға жеті күн мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

5. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері мүгедек деп танылған барлық әскери міндеттілер мен шақырылушылар туралы тиісті аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға жеті күн мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

Емдеу мекемелері шақыруды өткізу кезінде тұрақты емделуде жатқан шақыру жасындағы барлық азаматтар туралы тиісті аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға үш күн мерзім ішінде хабарлауға міндетті.

6. Тұрғын үй пайдалануды меншік нысанына қарамастан ұйымдардың басшылары, тиісті әскери комиссариаттарға, жергілікті атқарушы органдарға әскери міндеттілер мен шақырылушылар туралы қажетті мәліметтерді дер кезінде табыс етуге, шақырылушылар мен әскери міндеттілердің әскери есеп ережелерін орындауын қадағалауға, сондай-ақ оларға әскери комиссариаттарға

шақырылғаны туралы хабарлауға және олардың шақыру комиссиясынан өту мен әскерге (жиынға) жөнелтілу үшін келуін қамтамасыз етуге міндетті.

7. Әскери міндеттілер мен шақырылушылар аты-жөні, отбасы жағдайы, денсаулық жағдайы, мекен-жайы, білімі, жұмыс орны мен қызметі өзгерген ретте өздері әскери есепте тұратын органға бұл туралы жеті күн мерзім ішінде өзі х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

8. Мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу кезінде Жастарды әскери қызметке даярлау және шақыру жүргізу туралы Ережеде белгіленген жағдайларды қоспағанда, әскери комиссариаттарда шақырылушыларды әскери есептен шығару жүргізілмейді.

ЕСКЕРТУ. 28-бапқа өзгерістер енгізілді, 8-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Ж а р л ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 28-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 З а ң ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 28-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.03.21. N 308 Заңымен.

VII бөлім. ЖҰМЫЛДЫРУ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ. ЖҰМЫЛДЫРУДЫ ТОҚТАТУ

29-бап. Жұмылдыру бойынша әскери қызметке шақыру және соғыс кезінде одан кейінгі әскери қызметке шақыру

1. Қазақстан Республикасының аумағында жұмылдыруды Қазақстан Республикасының Президенті әскери шабуылды тойтару және агрессияға қарулы соққы беру мақсатында жариялайды. Қазақстан Республикасының Президенті заңда көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген аймақтарында әскери міндеттілердің қажетті санын жаппай әскери қызметке шақыра отырып соғыс жағдайын енгізеді.

Азаматтарды жұмылдыру бойынша әскери қызметке шақыру, сондай-ақ соғыс кезінде және ерекше жағдайларда әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары негізінде жүргізіледі.

2. Жұмылдыру жарияланған тұста сол кезде әскери қызметте тұрған және әскери жиындарда жүрген барлық азаматтар ерекше өкім болғанша әскери бөлімдерде кідіре тұрады, ал әскери міндеттілер әскери қызметке шақырылады. Әскери қызметшілердің демалысы тоқтатылады, ал демалыстағы әскери қызметшілер өз әскери бөлімдеріне кері шақырып алынады.

Жұмылдыру немесе жауласу жағдайы жарияланысымен шақыруды кейінге қалдыру мен одан босату туралы бұрын қабылданған шешімдердің күші жойылады. Денсаулық жағдайына қарай шақыруды кейінге қалдырулар мен одан босатулардан басқа, осы Заңның 15 және 16-баптарымен белгіленген шақыруды кейінге қалдырулар мен одан босатуларды бұдан әрі қолдану тоқтатылады.

3. Соғыс кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен запаста болу жасының шегі жоғарылатылуы мүмкін.

4. Соғыс уақытындағы жұмылдыру кезінде Қазақстан Республикасы экономикасының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бейбіт кезеңде осы мақсаттарға қажетті мамандарға бронь беру жүргізіледі. Әскери міндеттілерге бронь беру мамандықтардың тізбесі бойынша және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Соғыс кезінде шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін кадрлар броньдауды ұйымдастыру мен оның дұрыс жүргізілуін бақылау әскери комиссариаттарға жүктеледі.

Жұмылдыру бойынша және соғыс кезінде әскери қызметке шақырылған азаматтар жұмылдыру бұйрығында немесе әскери комиссариаттардың шақыру қағаздарында көрсетілген пункттерге әрі мерзімінде келуге міндетті.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдар, сондай-ақ бағыныстылығы мен меншік түріне қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен оқу орындарының басшылары жұмылдыру жүргізілген тұста, соғыс кезінде және ерекше жағдайларда әскери міндеттілер мен шақырылушыларға дер кезінде хабарлауға және оларды жиналу пункттеріне немесе әскери бөлімдерге жеткізуге міндетті.

5. Жұмылдыру бойынша және соғыс кезінде әскери қызметке шақырылған әскери міндеттілермен және шақырылушылармен жұмыс (қызмет) істеген жері толық есеп айырысады, нақты жұмыс істеген уақытына жалақы, қызметтен шығарда берілетін белгіленген жәрдемақы және пайдаланылмаған демалыс үшін өтем төленеді. Жұмылдыру бойынша және соғыс кезінде шақырылған азаматтарға өздері тұратын тұрғын алаңы сақталады.

Әскери қызметке жұмылдыру бойынша және соғыс кезінде шақырылған азаматтардың отбасыларын мемлекеттік қамсыздандыру (жәрдемақы, зейнетақы) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары негізінде жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

30-бап. Жұмылдыру бойынша және соғыс кезінде шақыру ережелерін бұзғандық үшін жауаптылық

1. Жұмылдыру және соғыс кезінде шақырғанда көрсетілген жиын пункттеріне әрі мерзімінде дәлелді себептерсіз келмеген азаматтар соғыс кезінің заңдары

бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

2. Жұмылдыру бойынша және соғыс кезінде шақырылғандардың дер кезінде келуіне кедергі жасаған лауазымды адамдар мен азаматтар соғыс кезінің заңдары бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

31-бап. Жұмылдыруды тоқтату бойынша босату

1. Жұмылдыруды тоқтатуға байланысты босату Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде жүргізіледі.

2. Жұмылдыруды тоқтату бойынша әскери қызметтен босатылатын әскери қызметшілер мемлекет есебінен киімнің толық жиынымен қамтамасыз етіледі. Бұл әскери қызметшілерді тұрғылықты жерлеріне жеткізу және жолай тамақпен қамтамасыз ету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

32-бап. Азаматтардың жалпыға бірдей әскери жаттығуы

1. Халықты азаматтық қорғаныс шараларынан орындауға үйрету соғыс кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін басқа әскерлері мен әскери құрамаларын жасақтауға қажетті контингент әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша 16-дан 55 жасқа дейінгі ерлерді, балалары жоқ немесе 10 жастан асқан балалары бар 18-ден 45 жасқа дейінгі әйелдерді барлық азаматтарға міндетті жалпыға бірдей әскери ж а т т ы қ т ы р у е н г і з і л е д і .

Азаматтардың жалпыға бірдей әскери жаттығуы жұмыс, оқу және тұратын орны бойынша өндіріс пен оқудан қол үзбей жүргізіледі.

2. Жалпыға бірдей әскери жаттығуды ұйымдастыру және оған басшылық ету Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, жергілікті өкілді және атқарушы органдарына жүктеледі. Мемлекеттік органдар, меншік нысанына қарамастан ұйымдар Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесе отырып жаттығу-материалдық базасын жасайды, әскери жаттығу жетекшілерін іріктеу мен даярлауды қамтамасыз етеді.

3. Жалпыға бірдей әскери жаттығуды өткізу тәртібі мен одан босатылған адамдардың аясын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен .

ЕСКЕРТУ. 32-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

VIII БӨЛІМ. АЗАМАТТАР МЕН ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛІК ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

33-бап. Азаматтардың, лауазымды адамдардың жалпыға бірдей әскери міндеттілік туралы заңды бұзғаны үшін жауаптылығы

1. Әскери комиссариаттың шақыруы бойынша көрсетілген мерзімде келмеген, сондай-ақ дәлелді себепсіз әскери есепке тұру тәртібін бұзған азаматтар әскери міндетін орындаудан жалтарған деп саналып, әкімшілік жауапқа тартылады, ал әскери қызметке шақырудан жалтарған азаматтар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қылмыстық жауапқа тартылады.

2. Әскери міндеттілер жиындардан жалтарғаны үшін, сондай-ақ жиындар өткеру кезінде әскери қызмет өткерудің белгіленген тәртібіне қарсы құқық бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

3. Әскери қызметке шақыру мәселелері жөнінде заңды бұзуға жол берген шақыру комиссияларының мүшелері, әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтарды медициналық куәландыруға және тексеруге қатысқан дәрігерлер, сондай-ақ басқа да адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

4. Азаматтардың жалпыға бірдей әскери міндетті орындаудан жалтаруына көмектескен және олардың әскери қызметін өткеруіне кедергі жасаған, сондай-ақ Заңда белгіленген міндеттерді орындамаған адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың лауазымды адамдары осы Заңда белгіленген талаптарды орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылады.

ЕСКЕРТУ. 33-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 33-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

34-бап. Әскери қызметшілердің әскери қызмет өткеру ережесін бұзғаны және құқық бұзғандығы үшін жауаптылығы

1. Әскери қызметшілер әскери тәртіпті бұзғаны, құқық бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларына сәйкес тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылады.

2. Бөлімді өз бетімен тастап кеткен мерзімді қызметтегі әскери қызметшінің

бөлімнен тыс жерде болған уақыты мерзімді әскери қызмет мерзіміне есептелмейді және оның бөлімде болмаған уақытына ұзартылады. Қызмет мерзімін ұзартуды әскери прокуратура шешім қабылдағаннан кейін немесе әскери сот бас бостандығынан айырумен байланысты емес үкім шығарған соң бөлім командирі жүргізеді. Әскери бөлімдерді өз бетімен тастап кеткендерді іздестіру мен әскери қызмет орнына жеткізуге байланысты шығыстар заңда белгіленген тәртіппен өтеледі.

3. Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұратын басқа мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Республика заңдарында көзделмеген әскери (әскерилендірілген) құрамаларға қатысуы, сондай-ақ жалдамалылық заңмен қудаланады.

ЕСКЕРТУ. 34-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

IX бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

35-бап. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындауға байланысты шараларды қаржымен және материалдық жағынан қамтамасыз ету

1. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар азаматтарды тіркеу және әскери қызметке шақыру кезінде медициналық жағынан куәландыру, шақырылғандарды әскери бөлімдерге жөнелту үшін әскери комиссариаттарды жабдықталған шақыру (жинау) пункттерімен, дәрі-дәрмекпен, құрал-сайманмен, медицина және шаруашылық мүлкімен, автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қажетті мөлшерде медициналық және техникалық қызметкерлер, қызмет көрсетуші адамдар, сондай-ақ азаматтарды медициналық тексеруден өткізу үшін емдеу-профилактика мекемелерінен орындар, хабар беру мен шақырылушыларды іздестіру топтарын бөлуге және облыстарда тұрақты жұмыс істейтін медициналық комиссиялар құруға міндетті. Аталған іс-шараларды орындауға байланысты шығыстар жергілікті бюджет есебінен жасалады.

2. Соғыс кезі жағдайында жұмылдыру жоспарын орындау үшін жергілікті өкілді және атқарушы органдар және солардың шешімі бойынша меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдар бейбіт кезде әскери комиссариаттармен бірге әскери міндеттілерге хабар беру мен оларды жинау учаскелерін, сондай-ақ техника жинау пункттерін құрады, оларды жұмыс орны бойынша міндеттерін орындаудан босатпай адам құрамымен жасақтайды және олардың кәсіптік машықталуына жәрдемдеседі.

3. Шақыруға дейінгілерді шақыру учаскелеріне тіркеу жөніндегі комиссиялардың, шақыру комиссияларының мүшелеріне, медициналық, техникалық қызметкерлерге, сондай-ақ қызмет көрсетуші адамдарға осы міндеттерді орындаған барлық уақытқа жұмыс орны, атқарған қызметі және орташа табысы сақталады.

Егер аталған адамдардың өз міндеттерін орындауы тұрғылықты жерінен кетумен байланысты болса, онда әскери комиссариаттар олардың тұрғылықты жерінен жұмыс орнына бару-қайтуға, тұрғын жай жалдауына жұмсаған шығындарын өтейді және қызмет іссапары үшін белгіленген нормалар бойынша төлейді.

4. Әскери қызмет өткеруге байланысты іс-шараларды қаржылай және материалдық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Республикалық ұланының, Бас прокуратурасының және Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қаражаты есебінен жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 35-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2635 заң күші бар Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 35-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.01.29. N 287 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*